



Педагогикалық кеңесте
талқыланып бекітілді
31 тамыз 2021 жыл
Хаттама №1 31.08.2021 ж

«Бекітемін»
Мектеп директоры:
А.Сарсенбаева



***«Болашақ» мектебі мекемесінің
2021 - 2022 оқу жылына арналған
өндірістік жоспары***

ШЫМКЕНТ 2021



*Адамның адамишылығы
Жақсы ұстаздан болады.
Абай Құнанбайұлы*

Мектебіміздің тақырыбы:

Заманауи білім беру мазмұны аясында мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін дамыта отырып, жеке тұлғаның функционалдық сауаттылығын арттыру

Мектебіміздің шығармашылық тақырыбы:

Жалпыадамзаттық құндылық негізінде функционалды сауаттылығы қалыптасқан, бәсекеге қабілетті тұлға дайындау

Миссиясы:

Өмір бойы білім алуға дайын, жоғары интеллектуалды, табысты, бәсекеге қабілетті тұлғаның дамуына ықпал ету



МАЗМҰНЫ

Кіріспе. 2020-2021 оқу жылына талдау, мектептің тақырыбы, мақсаты, міндеттері, мектептің циклограммасы.

II бөлім. Жалпыға бідей білім беру заңының орындалуы.

III бөлім. Ғылыми-әдістемелік жұмыс

3.1. Ғылыми – әдістемелік жұмыстың циклограммасы

3.2. Әдістемелік бірлестік отырыстары

3.3. Педагог кадрлармен жұмыс. Өз білімін жетілдіру.

3.4. Шығармашылық топ жұмыс

3.5. Жас мамандармен жұмыс

3.6. Педагогикалық кадрларды аттестаттау

3.7. Озық тәжірибені тарату

3.8. Әдістемелік күн

3.9. Әдістемелік кеңестің тақырыптары

3.10. Әдістемелік бірлестік жұмысының жоспары

3.11. Талантты және дарынды оқушылармен жұмыс

3.12. Үлгерімі төмен оқушылармен атқарылатын жұмыс жоспары

IV бөлім. Педкеңес, директор жанындағы кеңес, лездеме тақырыптық жоспарлары.

4.1. Педагогикалық кеңес жоспары.

4.2. Директор жанындағы кеңес жоспары

4.3. Лездеменің жоспары

V бөлім. Мектепшілік бақылау

5.1. ҚР «Білім туралы» заңының орындалуы

5.2. Іс-құжаттарының жүргізілуін бақылау

5.3. Жазба жұмыстары мен дәптерлерінің жүргізілуін бақылау

5.4. Кабинеттердің жабдықталуы мен көрнекіліктерді бақылау

5.5. Фронтальды бақылау

5.6. Аралық бақылау

5.7. Жиынтық бақылау

5.8. Тақырыптық бақылаулар

VI бөлім. Оқушылармен жүйелі жұмысты ұйымдастыру

6.1. Тәрбие жұмысы. Қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу. Азаматтық білім.

6.2. Ата аналармен жұмыс

6.3. «Жас Ұлан» өзін-өзі басқару ұйымы

6.4. «Жас Қыран» балалар ұйымы

6.5. «Мирас» ұлдар клубы

6.6. «Жауһазын» қыздар клубы

VII бөлім. Әлеуметтік педагогтың жұмыс жоспары

VIII бөлім. Кәсіподақ жұмысы

IX бөлім. Психолог жұмысы

Қосымша қызметкерлерінің ішкі тәртіп ережесі

I бөлім

«Болашақ» мектебі мекемесінің 2020 - 2021 оқу жылындағы жұмысының талдауы
2020-2021 оқу жылында мектеп «Заманауи білім беру мазмұны аясында мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін дамыта отырып, жеке тұлғаның функционалдық сауаттылығын арттыру» тақырыбы бойынша жұмыс атқарды.

- Қол жетерлік білімді жүзеге асыру үшін жағдай жасау;
- Білім сапасын арттыру;
- Өздігінен білім алу мен өздігінен дамуға қабілеті бар, адамгершілігі мол, үйлесімді және дені сау жеке тұлғаны дамыту.

Тамыз айында «Міндетті оқу заңының» айлығы жарияланды. Оқу жылын 1303 оқушымен аяқтаған болатынбыз. 1-11 сынып аралығында 340 оқу озаты, 646 оқу екпіндісі болды. Жалпы мектеп бойынша білім сапасы 75,6 % құрады.

Мектеп ұжымында 98 жоғары білімді мұғалім жұмыс істеді. Олардың 11 жоғары санатты, 4 бірінші санатты, 11 екінші санатты, 8-педагог-зерттеуші, 7-педагог-сарапшы, 14 педагог-модератор, 43-санатсыз педагогтер. Кадр тұрақты. Барлық пән мұғалімдер жеткілікті.

Мектеп туралы жалпы мағлұмат



1.	Мектеп директор	Сарсенбаева Алия Романкуловна педагогикалық өтілі - 32 Аталған мектепте қызметте - 3 жыл Мектеп директоры қызметінде - 1 Тел: 8 775 855 77 71
2.	Ғимараттың салынған жылы	1998 жыл 18 мамыр
3.	Ғимараттың түрі, қуаттылығы	Типтік ғимарат, 3 қабатты, 1400 оқушы
4.	Оқушы саны	1249 оқушы
5.	Ғимараттың қабырғасы	Күйінді блок
6.	Ғимараттың жалпы ауданы, ауқымы	Ғимараттың жалпы ауданы-м 2
7.	Ғимараттың қызмет ауданы	17723 м квадрат
8.	Мектеп учаскесінің ауданы	4156,6
9.	Шатыры	Профнастил
10.	Терезе	Пластик терезелер
11.	Еден	1-2-3 қабатты бетон/паркет/дәліздер кафель
12.	Жылу жүйесі	Автономды газ
13.	Су және канализация	Орталықтандырылған. «Су ресурстары маркетингі»/септик
14.	Электр жүйесі	Орталықтандырылған. «Энергопаток»
15.	Бейне бақылау камерасы	18 дана, 16-данасы іште, 2-данасы сыртта, сақтау мерзімі 1 айдан кем емес, камераларындағы тәркеуіштің оперативтік жадысы – 4 ТБ.
16.	Турникет (бар/жоқ)	Бар
17.	Ауысымдылығы	Бір ауысым
18.	Буфет	Бар
19.	Асхана ауданы, сиымдылығы	Асхана жалпы ауданы-250м квадрат, сиымдылығы-100 орын
20.	Кітапхана ауданы, оқу залындағы отыратын орын	Кітапхана жалпы ауданы-180м квадрат, оқу залындағы отыратын орын-30
21.	Шеберхана	Жалпы шеберханалар саны – 1, қыз балаларға арналған
22.	Жалпы оқу бөлмелері	73
23.	Сынып бөлмелерінің жалпы	2150,8 м квадрат

	ауданы, лаборатория, оқу кабинеттерін және мұғалімдер бөлмесін қосқанда	
24.	Мультимедиялы кабинет	2 кабинет
25.	Лингафон кабинеті, орындар саны	Бар
26.	Компьютер сыныбы, орындар саны	2 компьютер сыныбы бар, 44 орын
27.	Жалпы компьютер саны	45 дана, 92 ноутбук, 45 компьютер, 92 ноутбук интернет желісіне қосылған
28.	Интернет жүйесі	Қосылған, интернет жылдамдығы – 50 Мбит/с
29.	Жаңа үлгідегі физика сыныбы	Бар
30.	Жаңа үлгідегі химия сыныбы	Бар
31.	Жаңа үлгідегі биология сыныбы	Бар
32.	Интерактивті тақта	70 дана
33.	Компьютерлер 2010 жылға дейін	Жоқ
34.	Компьютерлер 2010 жылдан кейін	48 дана компьютер
35.	Компьютерлер 2020 жылдан кейін	92 ноутбук
36.	Спорт зал	Спорт зал ауданы – 250м квадрат
37.	Спорт алаңы	Бар
38.	Мед.пункт	16,0 м квадрат (процедурный кабинет, қабылдау дәрігері кабинетін қосқанда)
39.	Акт залы	120 орындық, 150м квадрат
40.	Ағымдағы жөндеу	Өткізілген
41.	Опрессовка	Өткізілген
42.	Турникет	Бар
43.	Тревожная кнопка	Орнатылды
44.	Мектеп сырты	Толық темір қоршаумен қоршалған, биіктігі 2,20 м, ені 274 м.
45.	Мектеп әжетханасы	Мектеп ішінде -7, сыртта – жоқ
46.	Әлеуметтік тегін тамақпен	Всеобуч фонды бойынша бюджеттен қаржы қарастырылмаған.
47.	Мінез-құлқы нашар, қауіпті топтар ішкі істер органдарында есепте тұратын оқушы	Жоқ
48.	Күзет	ТОО «Қаған-2030 Security»

«Ұстаздық етпес жалықпас үйретуден балаға» - деген ұлы Абай атамyz. Нағыз ұстаз атына лайықты жандар мектеп мерейін асырған, сан түрлі бәйгелерден оза шапқан шәкірттерінің де жетістіктерімен қатар, қызметі саласындағы жеке жетістіктерімен де мақтана алады. Сүйікті кәсібіне жан-тәнімен беріліп, жүрек жылылығын, мерейлі шуағын, адамгершілік ұлылығын шәкірттерінің бойына дарыта отырып сапалы білім мен саналы тәрбие беруде озық білім жетістігін көрсете білген мектебіміздегі пән мұғалімдері де жеткілікті.

№	Аты-жөні	Пәні	Жетістігі
1	Керимбекова Ф.К.	Қазақ тілі мен	«Білімді мұғалім»

		әдебиеті	I дәрежелі диплом
2	Қамбарбекова А.А.	физика	Қалалық білім басқармасынан алғыс хат
3	Қамбарбекова А.А.	физика	«Ең білімді педагог-2020» II дәрежелі диплом
4	Оралбай А.Ш.	Ағылшын тілі	«Пән олимпиадасының үздік педагогы-2020» I дәрежелі диплом
5	Ералиева Ф.М.	Орыс тілі мен әдебиеті	«Ең білімді педагог-2020» I дәрежелі диплом
6	Аликенова Г.Н.	Көркем еңбек	Республикалық фото-конкурс Грамота



Қазыналы білім ордасына айналған мектептің әрбір шәкірті білім көкжиегіне сеніммен ұмтылып, мектеп мақтанышына айналуы мақсат етсе, инемен құдық қазғандай білім тұңғығының нәрін алған «Алтын белгі», «Үздік аттестат» иегерлері бұл күнде республикамыздың барлық аймағында еліміздің дамуына үлестерін қосатынына сенімдімін. Олардың қатарында: «Алтын белгі» иегерлері: 11 «А» Оңал Сая, 11 «Б» сынып оқушысы Корбан Блада, Негай Марина, Нұрходжаева Нұрай озат оқушыларды тәрбиелей білген

сынып жетекшілер сынды ұстаздардың тынымсыз еңбек пен толассыз ізденістен жалықпайтын нәтижелі жұмыстарын атап өтпекпіз.

2020-2021 оқу жылында мектеп бітірген түлектердің саны 36 оқушыдан 24-і ҰБТ-ке қатысып одан 11 оқушы жоғары оқу орындарына түсіп мемлекеттік грант иегерлері болып танылды. Мектебіміздің көрсеткіші 78,0 пайызды құрады. Сыныптар бойынша тоқталсақ 11 «А» сынып - 84,0 (Турсынбекова Жанар Умирзаковна) 11 «Б» сынып – 81,0 (Сүлейменова Эльмира Амангелдиевна) балдық нәтиже көрсетті. Жалпы 100 балдан жоғары – 17 оқушы, 50 балдан төмен 7 оқушы нәтиже көрсетті. Мектептегі білім беру мазмұнын жаңартудағы мұғалімнің атқаратын маңызды рөлін ескере отырып, педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бойынша ауқымды жұмыстар атқарылды.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» Дербес білім беру ұйымының Педагогикалық шеберлік орталықтарының орта білім мазмұнын жаңарту аясында біліктілігін арттыру бағдарламасы бойынша курсқа қатысып, сертификаттарын алды

№	Мұғалімнің аты-жөні	Курстың атауы	Пәні	Сағаты
1	Арынова Лиза Темирбековна	(Тарих) Жалпы білім беру пәнінен колледж оқытушыларының біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы	Тарих	80
2	Танирбергенев Азамат Саметович	Тарих) Жалпы білім беру пәнінен колледж оқытушыларының біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы	Тарих	80
3	Арыстанова Кунсулу	Білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде критериалды бағалау жүйесін енгізу бойынша пән мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту	География	80
4	Оралбай Айдана Шәріпбекқызы	Қазақстан Республикасы орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде педагог кадрлардың біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы бойынша	Ағылшын тілі	80
5	Ғұлам Аршат	Жаңартылған мазмұндағы білім беру шеңберінде пәндік құзыреттіліктерді дамыту	Ағылшын тілі	40
6	Туребаева Назым	НЗМ ДББҰ ҚР орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында жалпы білім беру пәнінен колледж оқытушыларының біліктілігін арттыру	Ағылшын тілі	80
7	Кыдыркулова Насима	Мұғалімдердің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту	Ағылшын тілі	40
8	Омарбекова Нургуль	ҚР орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде педагог кадрлардың біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы бойынша	Ағылшын тілі	160
9	Лихачева Нина	Мұғалімдердің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту	Ағылшын тілі	40
10	Сағынтай Гулназ	Мұғалімдердің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту	Ағылшын тілі	40
11	Қадір Жансая	Жаңартылған білім беру мәселелерінің өзекті мәселелері	Ағылшын тілі	72
12	Тюлегенова Ирина	Проектирование учебного процесса по	Русский язык и	80

		русскому языку и литературе в контексте обновленного содержания образования.	литература	
13	Ермекова Раушан	Рус яз и литература в школах с казахским языком обучения в рамках обновленного содержания	Русский язык и литература	160
14	Ералиева Феруза	Білім мазмұнын жаңарту жағдайында заманауи сабақты ұйымдастыру	Русский язык и литература	40
15	Саржанова Мадина	Білім мазмұның жаңарту жағдайында заманауи сабақты ұйымдастыру"	Математика	40

Деңгейлік бағдарламалар бойынша біліктілігін арттырған ұстаздар мектептегі оқыту жүйесінде өзгерістер енгізу мақсатында өткен оқу жылында инновациялық технологияны игеру, жасау, ендіруде 50 сабақ үлгілерін көрсетті. Сабақтардың мазмұны оқу пәндері бойынша оқушылардың білімдерін және дағдыларын кеңейту және тереңдетуге бағытталды.

Кері байланыстар мұғалім мен оқушы арасында, оқушы арасында, мұғалім мен мұғалім арасында жүзеге асырылуда. Бұл жұмыстар мектептегі оқыту мен оқу саласын көтеріп, білім саласына көптеген өзгерістер әкелді.

Жаңартылған білім мазмұнын енгізуде «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы көптеген әдістемелік көмек көрсетуде.

Елбасының үштұғырды саясаты аясында шетел тілін тереңдету, оның қолданыс аясын кеңейту бүгінде кезек күттірмейтін өзекті де келесі мәселелердің бірі болып отыр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауының тақырыбы «ЖАҢА ЖАҒДАЙДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН: ІС-ҚИМЫЛ КЕЗЕҢІ»

Оқу жылының басында барлық сынып жетекшілердің тәрбие жұмысының жылдық жоспары жасалынып бекітіліп, оқушылармен жүргізілген тәрбие жұмыстары жоспарға сай ҚР-ның Заңдары мен құқықтық нормативтік құжаттарына негізделі Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасында көрсетілген тәрбиенің 8 бағыттарын жүзеге асыру мақсатында жүргізілді.

Тәрбиенің 8 бағыты бойынша жүргізілген жұмыстар:

Тәрбие жұмысының бағыттары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы «22» сәуірдегі № 227 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік органдар, мекемелер, қоғамдық ұйымдар, ата-аналармен бірлескен жұмыс.

Тәрбиенің басым бағыттары жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар тұтас педагогикалық процестің өзегі бола отыра, тәрбие жұмысының барлық бағыттары арқылы өтеді. Олар:

1. Жаңа Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие
2. Рухани-адамгершілік тәрбие
3. Ұлттық тәрбие
4. Отбасы тәрбиесі
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Тәрбиенің мақсаттары мен тәрбие жұмысының міндеттері білім беру процесінде, сабақтан тыс және бос уақытта іске асырылады.

Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие бағыты бойынша ҚР Рәміздерін насихаттау мақсатында мемлекеттік рәміздерді оқып үйрену туралы жоспар түзіліп, жопарға сай жұмыстар ұйымдастырылды. ҚР рәміздерін орындау, қашықтықтан сынып сағаттарының өтілуі қадағаланып отырылды.

2019-2020 жылы коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты мектептегі іс-шаралар қашықтықтан өткізілді.

Білім күніне орай сынып жетекшілері 1-11 сыныптарда «Мен өз елімнің патриотымын», «Ата заң – Тәуелсіздік тірегі» тақырыбында алғашқы сынып сағаттарын өткізсе, қазақ тілі ӘБ Қазақстан халықтары тілдері мерекесіне «22 қыркүйек – Қазақстан халықтарының тілдері күні», «Тіл достықтың тірегі», дөңгелек үстел ұйымдастырылды.



Президентіміздің жолдауының бесінші бөлімі білімге арналған қолжетімді әрі сапалы білім бөлімінде былай деді:

Азаматтардың сауаттылығы мен цифрлы біліктілігін арттыру мақсатында Үкіметке Үздіксіз білім беру тұжырымдамасын әзірлеуді тапсырамын. Бұл құжатта бейресми білім берудің баламалы нұсқаларын көптеп енгізу, өз бетінше оқу нәтижелерін мойындау, кәсіби

дағдыларды сертификаттау мәселелерін қарастыру қажет. Сонымен бірге біз кәсіби білім берудің бүкіл жүйесін еңбек нарығында сұранысқа ие білікті мамандар қалыптастыруға бағыттағанымыз жөн. Ұстаздарымызда цифрлы біліктілігін арттыру мақсатында Үздіксіз білім беру бағдарламасын оқып алды.

Кәсіпкерлердің жаңа буынын қалыптастыруға басымдық беріледі. Сол себепті «Кәсіпкерлік негіздері» пәні мектептен бастап жоғары оқу орнына дейінгі барлық білім беру сатысында оқытылуы керек. Өскелең ұрпақтың спорттық және шығармашылық әлеуетіне аса назар аудару қажет.

Биылғы оқу жылында мемлекет басшысының жолдауын басшылыққа ала отырып, атқарылатын жұмыстарды белгілеп, жұмыстар жүргіземіз.

Жаз айлары – мектеп оқушылары үшін ерекше ықыласпен күтілетін уақыт. Жазғы демалыс – мектеп оқушыларының жалпы физиологиялық, сана – сезімдік, дүниетанымдық тұрғыда даму, жетілу кезеңі. Жаз мезгіліндегі балалар негізгі сабақтан, үйреншікті тіршілік қарекетінен босап, ойын барысында балалардың шынығу – шындалу мәселесімен қатар, түрлі бағыттағы іс-шараларға тарту арқылы тәрбиелеу маңызы.

1 маусым – «Халықаралық балаларды қорғау күні» мерекесінде демеушілік танытқан Саттар Қуашбайұлы (200 дана балмұздақ) таратып, балаларға ерекше қуаныш сыйлады.

Мектеп құжаттамасының талдауы бойынша ұйымдастырушылық-басшылық құжатнама түзіліп, педагогикалық кеңестің, директор жанындағы кеңестің хаттамаларында жазылып отырылды. Педагогикалық кеңестің тақырыбы мектеп жұмысының жоспарына сәйкес, талқылауға шығарылған мәселелер әр түрлі және маңызды көлемде қамтылды. Номенклатуралық құжаттар қанағаттанарлық жағдайда жүргізілді.

Оқу жылының нәтижелері бойынша қатаң есептегі бланктерді негізгі орта мектепті бітірген туралы куәліктер мен аттестаттарды арнайы тіркеу кітабында және сынып журналдарында бағалардың сәйкессіздігі болған жоқ. Мақтау қағаздарын тіркеу кітабы қанағаттанарлық жағдайда тіркеліп отырылды.

Оқушылардың жеке іс қағаздарын жүргізуді қадағалау барысында бірнеше рет тексерілу жүргізіліп, біршама жұмыстар атқарылып отырды. Күнделік жүйесін толтыруда ұқыптылық сақталынған, білім мазмұнының минимумы сақталған. БЖБ, ТЖБ жұмыстары күнтізбелік-тақырыпта жоспарға сәйкес орындалған формативті бағалар қоры жеткілікті.

Әкімшілік, педагогикалық ұжым биылғы оқу жылына мектептің қауіпсіз жағдайда жұмыс істеуіне жағдай туғызып, техника қауіпсіздігін үнемі қадағалап отырады.

Еңбекті қорғау бойынша нормативтік-құқықтық құжатнама мектептің типіне дайындық актісі, оқу кабинеттерінде сабақтарды өткізуге рұқсат берілгені туралы актілер бар. 2021-2022 оқу жылына арналған кабинеттерде ТҚ бойынша нұсқаулар әзірленген, нұсқаулар уақытында жүргізіліп, оқушылардың қолы қойылған. Санитарлық талаптар сақталған. Мектепте азаматтық қорғаныс бойынша қажетті нормативтік және ұйымдастырушылық құжатнама бар. Аудандық штаб өкілдері АҚ бойынша құжаттамалардың жүргізілу сапасын жақсы деп бағалады.

Биылғы оқу жылында 1 сыныпқа 219 оқушы қабылданды. 198 порталы арқылы электронды түрде 1 сәуір мен 1 тамыз аралығында қабылданды. Бірінші сыныпқа қабылданған балалардың мектепке дайындық деңгейі жаңа заңға сәйкес тексерілмейді.

9-10 сынып бойынша бейінді білім беруге байланысты психологиялық қызмет көрсетілді. Онда оқушылармен «Кәсіби бағдар» бойынша сауалнамалар, ойындар жүргізілді. Оқушылар берілген тапсырмаларды орындап 9 сыныптан 62 оқушы, 10 сыныптан 41 оқушы қызыға қатысып отырды. 5-11 сынып оқушыларынан социометрия әдісі арқылы класс қарым-қатынасы мен сынып көшбасшылары анықталып, нәтижелері сынып жетекшілерге таныстырылды. 5-11 сынып оқушыларынан «Экстремизмге қарсы іс-қимыл» сауалнамасы жүргізілді. 4-9-11 сыныптардан «Мазасыздану деңгейі» тесті алынып, осы тестке 4 сыныптан, 9 сыныптан, 11 сынып қатысты. Осы 3 оқушымен жекелеп әңгіме жүргізіп, мазасыздануларды анықталып оларға психологиялық көмек берілді. 5-11 сынып оқушыларының «Өзін-өзі бағалау» әдістемесі арқылы анықталды.

Түзету-дамыту жұмыстары. 1 сыныпқа қабылданған оқушылардың мектептің күн тәртібіне бейімделуін бақылап, кеңестер беріліп отырылды. Бастауыш сынып оқушыларынан жеке тұлғалық жағымсыз мінез-құлықтарын өңдеу, түзету дамыту бағытына «Қатынас, өз атын қабылдауы», «Адам, үй, жер сілкінді», «Өзен ағаш кесіндісі», т.б. тренингтер өткізілді, Таным процестері төмен оқушылармен «Сыйлық сыйла», «Мен өзіме сенемін, оқушылардың көңіл күйлері, танымдық қабілеттері зерттелді. 5 сынып оқушыларымен орта буынға бейімделуіне сауалнама алынып, тренингтер жүргізілді. Тәртібі қиын оқушылармен жыл басында жоспар түзіліп, сол жоспарды негізге ала отырып, диагностика, әдістемелер алынып,, түзету – дамыту сабақтары жүргізіліп отырылды. Сынып жетекшілері, пән мұғалімдеріне «Психологиялық сұраныс» журналы арналып, сол журнал бойынша түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді. Тәртібі қиын оқушылармен ата-аналармен байланыс жасалып, оқуға деген қызығушылығын арттырып, үнемі бақылауда ұстап психологиялық кеңес беру жұмыстары жүргізілді. Аптасына бір рет жеке тұлғалық жағымсыз мінез көрсеткіштерін өңдеу – түзету және проблемасы бар балалармен жеке жұмыстар жүргізіліп, оларды уақытылы. «Түзету – дамыту жұмыстарын тіркеу» журналына тіркеп жазылады. Суицидті болдырмау мақсатында оқушылардан сауалнама, шығарма жұмыстары алынып, ағарту жұмыстары жүргізілді. Айына 2 рет ҰБТ – ға, ББЖМ-ке психологиялық көмек көрсету мақсатында Психологиялық сабақтар өткізіліп отырылды. Дарынды және үлгерімі төмен оқушылармен түзету-дамыту сабақтары жүргізілді. Кәсіптік бағдар беру мақсатында 9 сынып оқушыларымен диагностикалар, сауалнамалар, тренинг жаттығулары жүргізілді. Мұғалімдермен «Бала болашағына байыппен қарайық» атты тренинг өтілді. Сынып жетекшілерімен «Сабақ беру үрдісінде психологиялық ахуалдың әсері», «Отбасымен жүргізілетін түзету жұмыс негіздері» баяндамалар оқылып, «Ұстаз – оқушы – ата-ана қарым-қатынасының портреті» атты тренинг өткізілді.

Кеңес беру жұмыстары: Баланы мектепке даярлау барысында отбасы мен мектептің бірлескен жұмыстары туралыс ата-аналармен бірлесе кеңес беру жұмыстары атқарылды. Ата-анамен байланыс жасау арқылы балаларынан алынған тест, психодиагностикалық зерттеу нәтижелерімен қажет болған жағдайда ата-анаға таныстырылып отырылады. Оқушыларды болашақ отбасы және өзін жаңа өмірге дайындау, жыныстық тәрбиелері бойынша оқушыларға баяндама оқылып, сауалнама жүргізіліп, жеке кеңестері берілді. Тәрбие жұмысын ұйымдастыруда кездесетін мүмкіндіктерін анықтау сауалнамалары алынып отырылды. 11 сынып оқушыларымен «Мен таңдаған жол» атты тренинг жүргізіліп, мамандықтар туралы кеңестер берілді. 9-11 сынып оқушыларымен ББЖМ және ҰБТ-ға даярлау мақсатында оқушылардың зейінін ақыл-ойын дамытатын анкеталық сауалнама, «Стресс» тесті, Мини-лекция, «Емтихан барысында өзіңді қалай ұстау қажет?» тренингтері өткізіліп, «Менің есімім» т.б.тренингтері алынып, 9 сынып оқушыларымен ББЖМ-ке қалай дайындауға болады?, 11 оқушыларымен ҰБТ-дағы мінез-құлық тақырыптарында семинар сабақтар өтілді. Сауалнама нәтижелері оқушыларға таныстырылып, отырылды. Дамуында психологиялық ауытқуы бар оқушыларды айына бір рет аралап, психологиялық тренингтер жүргізіліп, ата-аналарымен кеңес беру жұмыстары атқарылды. Психикалық дамуы тежелген балалармен, яғни үйден оқытылатын оқушылармен сауаттылығын арттыру мен логикалық ойлау қабілетін қалыптастыру және пәндерден алған білімдерін одан әрі бекіту үшін психокоррекциялық жұмыстар жүргізіп, ертегі айтқызу арқылы, сөздерді байланыстыру, есте сақтау қабілетін қалыптастыру және таным процестерін анықтау жұмыстары жүргізілді. Алдағы уақыттарды оқушыларға сапалы білім, саналы тәрбие алуға және ұстаздарға, ата-аналарға қажеттілігіне қарай психологиялық көмек беру басты назарды ұсталуда.

Мектептің бағдарламалық – әдістемелік қамтамасыздағы оқу жоспарын толық көлемде жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Педагогикалық ұжыммен әдістемелік жұмыс білім беру үрдісінің деңгейі, мұғалімдердің сұраныстары мен қажеттілігі, сондай-ақ білім алушылардың ерекшеліктері есепке алыну арқылы ұйымдастырылды.

Әдістемелік жұмыстың құрылымы мұғалімдердің мүдделеріне сәйкес. Мектепте 9 пәндер әдістемелік бірлестік «Әрбір оқушыға сапалы білім, әрбір оқушыға шығармашылық шеберлік» тақырыбы бойынша жұмыс істеді.

ӘБ жетекшілері мектептің әдістемелік кеңесінің құрамында, олар жұмыстың негізгі бағыттарын үйлестірді. Әдістемелік жұмыстың ұйымдастыруында пәндердің оқытылу сапасының және оқушымен бағдарламалық материалдары игеру деңгейінің мониторингісі жүзеге асырылды.

2020-2021 оқу жылындағы білім беру үрдісінің нәтижелілігі

Пән	Білім сапасы	Орташа баға
Қазақ тілі	76%	4,0
Орыс тілі	74%	3,8
Ағылшын тілі	70%	3,4
Математика	75%	3,6
Физика	68%	3,3
Химия	68%	3,2
География	80%	4,2
Биология	75%	3,6
Қазақстан тарихы	85%	4,2
Информатика	87%	4,4
Дүние жүзі тарихы	82%	4,1

Оқу жылы барысында мектеп мұғалімдері пәндер бойынша өткізілетін аудандық, қалалық семинарларға ZOOM арқылы онлайн түрде қатысып отырды. Оқу жылы ішінде барлық іс-шаралар, пәндік сабақтар онлайн өткізілді. Дарынды балалармен жұмыс оқу жылының басында бекітілген жоспарға сәйкес өткізілді.

Еліміздің жарқын болашағы мен мемлекетіміздің айқын мұраты үшін келер ұрпақтар шәкірттерге сапалы білім, сапалы тәрбие беруде 2020-2021 оқу жылының жылдық қорытындысы бойынша мектептегі оқу-тәрбие процестерінің көрінісі жыл басында бекітілген өндірістік жоспарда тараулар бойынша жан-жақты талқыланды іс-шараларды толық игеру жұмыстарын жүргізу бағытында іске асырылды.

Пәндердің берілуі оқушылардың білім сапасын арттыру, біліміндегі олқылықтардың орнын толтыру, өзара тәжірибе алмасу озық тәжірибелерді тарату үшін мектепте мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқыту үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді. Сондықтан алға қойылған мақсат оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырудың сан түрлі жаңа әдіс-тәсілдерін іздестіру, жаңа инновациялық технологияларды тиімді пайдалану арқылы жеке тұлғаның, көп мәдениетті тұлғаның дамуына жол ашу. Ол жолды ашатын мектеп. Сондықтан оқу-тәрбие үрдісінде жаңа инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу оқушылардың білімге деген қызығушылығын, талпынысын арттырып, өз бетімен ізденуге, шығармашылық еңбек етуге жол салу барысында 9 пән бірлестігі құрылған. Сонымен қатар мектептің тәжірибелі ұстаздар құрамынан мектептің шығармашылық тобы құрылып, оған жетекшілікке гуманитарлық пәндер бойынша қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімі Сабирова Б, ал жаратылыстану бағытта Тулебаева М бекітілген Осы бағытта шығармашылықпен жұмыс жасап түрлі байқауларға қатысып жүрген мұғалімдеріміз және оқушыларымыз үздік нәтижелер көрсетіп жеңіс тұғырынан көріне білді.

2020-2021 оқу жылының жылдық қорытындысы бойынша мектептегі оқу-тәрбие процестерінің көрінісі жыл басында бекітілген өндірістік жоспарда тараулар бойынша жан-жақты талқыланды іс-шараларды толық игеру жұмыстарын жүргізу бағытында іске асырылды.

Дарынды балалардың ғылымға деген қызығушылықтарын арттыруға бағытталған, Дарын орталығының ұйымдастыруымен мектепшілік, аудандық, қалалық оқушылардың пәндік

олимпиадасында жақсы білім көрсеткішін көрсеткен төмендегі оқушылар Дарын орталығының КММ бөлімінің мақтау қағаздымен марапатталып, жүлделі орындарды иеленді

11 сынып оқушыларының ҰБТ – ға қатысу деңгейіне келсек жалпы 36 оқушылардан 28 оқушы тестке жіберілсе, 8 оқушы өз өтініштерімен мемлекеттік емтихан тапсыруға тілек білдірді. Жалпы ҰБТ нәтижесі 79,% ұпай болып жақсы деңгей көрсетті. Сыныптар бойынша тоқталсақ 11 «А» сынып 67,0, 11 «Б» сыныбы 61,0 балдық нәтиже көрсетті. Жалпы 100 балдан жоғары –7 оқушы, 85 ұпайдан жоғары – 8 оқушы, 50 ұпайдан жоғары – 13 оқушы нәтиже көрсетті.

Мектептің жалпыға міндетті білім беру стандарты талаптарының орындалуына әкімшілік тарапынан бақылау басқарушылық қызметтің негізгі міндеті болып табылады. Бақылау 2020-2021 оқу жылына арналған мектеп жұмысының жоспары негізінде жүзеге асырылды. Мектепшілік бақылаудың жүйеленген мәліметтер кестелер, диаграммалар мен графиктер түрінде безендірілген. Нәтижелер педагогикалық кеңестерде, директор жанындағы кеңестерде талқыланды. Материалдардың талдауы мен мектеп оқушыларының оқу мүмкіншіліктерін пайымдауға, жұмыстарын мақсатты өткізуге мүмкіндік береді.

Әкімшілік бақылаудың түрлі формаларын қолдана тақырыптық, жеке қорытынды-сыныптық тексерулер жүргізілді. Осыған орай сабақтарға қатысты. Қатысқан сабақтардың талдауы мұғалімдердің заманауи сабақтарды дайындау кезінде кездесетін негізгі қиындықтарын анықтауға мүмкіндік берді. Олар:

1. Барлық оқушыларға оқу материалын тек игеріп қана қоймай, олардың қабілеттері мен дайындық көлемінде дербестігін қамтамасыз ететін сабақтарды ұйымдастыру;
2. Оқытудың түрлі құралдарының кешенді қолданылуыны, оның ішінде техникалық құралдарының да қолданылуының қажеттілігі.
3. Оқуға деген ынтаны тұжырымдау, тақырып бойынша оқушылардың танымдық қызығушылығын қозғау, олардың эмоционалдық көңіл-күйін арттыру және тәрбие, оқу мен дамудың бірлігін қамтамасыз ету күрделілігі;

Бірнеше жыл жүргізілетін мониторинг мектеп әкімшілігін нақты ақпаратпен қамтамасыз етеді, қойылған міндеттерін жұмыс нәтижелерінің арақатынасын байланыстыруға мүмкіндік береді. Шығармашылық ізденістегі мұғалімдерді атап өтуге болады: Ералиева Ф., Тұрсынбекова Ж, Тюлегенова И, Жанділдаева А, Тулебаева М., Глотова Е деңгейлік тапсырмаларды қолданады, дербестікті мадақтайды, дамытушылық және шығармашылық сипаттағы тапсырмаларды ұсынады.

Мектепте Ұлттық білім беру деректер қоры жүйесіндегі электрондық негізде статистикалық ақпаратты жинау жұмыстарын жүргізді.

Білім беру ұйымдары электрондық негізде статистикалық ақпаратты жинау үшін www.e.edu.kz/nobd сайтында орналасқан өз электрондық төлқұжатын толтырды. ҰББДҚ кіру үшін әр мектептің өзінің логині мен паролі бар.

Білім ұйымдары электрондық төлқұжатының келесі тарауларын толтырады:

- тіркеу мәліметтер;
- материалдық-техникалық база;
- білім беру үдерісі туралы негізгі мәліметтер;
- білім беру объектісі туралы негізгі мәліметтер;
- қосымша мәліметтер
- қызметкерлер
- оқушылар

Қазан, қркүйек айларында ҰББДҚ «Ұлттық білім беру деректер қоры» базасына оқушыларды, қызметкерлерді, мектеп құжаттарын және т.б. тиісті мәліметтерді енгізіп жұмыс жасалуда. «Күнделік» электронды журналына күнделікті мұғалімдер оқушыларға үй тапсырмасын беріп және формативті бағалар қойылып отырады.

Ұсынылсын:

1. Жаңа оқу жылында пән мұғалімдері сынып жетекшілерімен бірлесіп оқушылардың біліміндегі олқылықтарды жоюға байланысты оқытудың нәтижелілігін жүргізсін, үздік және екпінді оқушылар саны азаюына байланысты орта буында қатаң бақылау саясатын жүргізу.
2. Мұғалімнің кәсібилік аксиомасы бұрынғыдай болу керек. «Мұғалім кешегіден жақсы оқытуға міндетті. Оқушылар өздерінің білімдік және құзырлық деңгейін төмендетпей арттыруға тиісті. Тек осы жағдайда мұғалім өзін кәсіпқой педагогпын деп санайды»
3. Оқушылардың білімін нақты бағалауға ұмытпайық. Бұл проблема бар пән мұғалімдері оқушының әлсіз жақтарын білуге тиісті, жай бағаларды журналға қою түрінде емес, мүмкін, әр оқушының жеке өсу дәптерлері көмегімен әр оқылатын тақырып бойынша өз мониторингін жүргізу керек.
4. Келесі оқу жылында оқу-тәрбие үрдісіне мұғалімдер жаңа технологияларды енгізсін.
5. Оқуға төмен ынтасы бар балалармен және дарынды балалармен жұмыс күшейтілсін.
6. Өз бетімен білім алудың тақырыбы бойынша мұғалімдер жұмысын жоспарласын.
7. Денешынықтыру пәні мұғалімдерінің жұмысы туралы айтатын болсақ, олардың жұмысы жолға қойылмағандығына көңіл аударамыз.
8. Оқу үрдісіне мұғалім мен оқушылардың байланысы өзгергендіктен сабақта мұғалім мен оқушылар әрекеттестігінің жаңа схемаларын іздеу талап етеді.
9. Оқу материалының ақпараттылығы арттырылды, сонымен қатар сабақта мақсат пен міндеттерді қоюда және көптеген оқу-практикалық міндеттерді орындауда оқушылардың белсенділігі төмендеді.
10. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға сабақта мұғалім жұмысының негізінде мақсаттылығы жоқ, оқуға ынта бар оқушылармен жүйелі жұмыс жоқ.
11. Оқу жылы барысында жеке іс қағаздары бірнеше рет тексеріледі.
12. Күнделік жүйесін толтыруда, оқу жылы ішінде тоқсандық және қорытынды бағалардың өзгертілуі жөнінде ескертулер жасалды, кейбір мұғалімдер күнделік жүйесін уақытында толтырмаған, үй тапсырмаларын жазбаған, түзетулер, қатені түзетулер кездесуде.
13. Мектеп психологының жұмысында педагогикалық ұжымның психологиялық қызметпен өзара әрекетінің нашарлығы және коррекциялық бағдарламалар базасының жеткіліксіз дамығаны.
14. Облыстық пәндік олимпиада жүлдегерлерін дайындауды дамыту.
15. Оқушылардың ғылыми жұмысын дамыту қажет.

2020-2021 оқу жылында қойылған мақсаттар мен міндеттерді негізге ала отырып, мұғалімдердің кәсіби қажеттілігіне байланысты әдістемелік қамсыздандыру тұрғысынан тұлғаға бағытталған білімді күшейту арқылы дәстүрлі педагогикалық технологияларды жетілдіру бағытында жоғарыдағы ұсыныстарды әрі қарай дамуын қамтамасыз етілуі басшылыққа алынады.

Мектебіміздің тақырыбы:

Заманауи білім беру мазмұны аясында мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін дамыта отырып, жеке тұлғаның функционалдық сауаттылығын арттыру

Мектебіміздің шығармашылық тақырыбы:

Жалпы адамзаттық құндылық негізінде функционалды сауаттылығы қалыптасқан, бәсекеге қабілетті тұлға дайындау

Миссиясы:

Өмір бойы білім алуға дайын, жоғары интеллектуалды, табысты, бәсекеге қабілетті тұлғаның дамуына ықпал ету

Мақсаты:

Заманауи білім беру аясында мұғалімнің кәсіби құзіреттілігін арттыру және оқыту әдістемелерін арттыру арқылы интеллектісі жоғары, өз бетінше білім алу дағдысы бар, білім негіздерін терең меңгерген, шығармашылық құзыреттері дамыған тұлғаны қалыптастыру.

Міндеттері:

- «Қазақстан – 2050» стратегиясының маңызы мен мақсаттарын түсіндіру;
- «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын іске асыру аясында білім сапасын көтеруге бағытталған білім беру;
- Оқыту процесін жан-жақты жандандыру;
- Жеке тұлға еркіндігіне қол жеткізіп, толерантты, ұлтжанды, мәдениетті жеке тұлғаны дамыта отырып
- «Мәңгілік ел» жалпы ұлттық идеясы негізінде көп тілде білім беру және мемлекеттің тілдің құзырлығын арттыру;
- Ұлтымыздың дәстүрін негізге ала отырып, жаһандық даму принциптерін сақтай келе, білім берудің жүйесімен мазмұнын жаңарту;
- Жаңа технологиялар мен ғылыми әдістемелер негізінде мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыру;
- Әлемдік білім беру кеңістігіне ықпалдастық;

Жұмыс мазмұны төмендегі тараулардан тұрады:

1. Педагог кадрлармен жұмыс;
2. Оқу процесінде оқушылардың білім алуына жағдай жасау, көмек көрсету мақсатында жүргізілетін педагогика-психологиялық жұмыс жүйесі;
3. Ата-аналармен жұмыс;
4. Мектептегі тәрбие жұмысы;
5. Мектепшілік бақылау;
6. Білім беру үрдісіндегі ұйымдастыру және материалдық жағынан қамтамасыз ету;

Жаңа оқу жылында алға қойылатын негізгі міндеттер:

Мектептегі 2019-2020 оқу жылында атқарылған оқу-тәрбие жұмыстарына жасалған талдаулар негізінде мектептің 2020-2025 жылдарға арналған стратегиялық даму бағдарламасының іске асыру мақсатында және аталған кемшіліктерді жою, әдістемелік жұмыстарды жетілдіру мақсатында 2021-2022 оқу жылына басым бағыттар белгіленіп, оны орындау мақсатында төмендегідей міндеттерді қадағалаймыз:

Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы.

- Білім беру сапасын арттыру мақсатында пән сабақтарында интерактивті оқыту технологияларын кеңінен пайдалану;
- Білім сапасының көрсеткішін көтеру бағытындағы жүйелеу, үздіксіздендіру, нәтижеге бағыттау;

- Мұғалімдердің шығармашылық тобының жұмысын жандандырып, озық тәжірибелерді ақпараттандыру, насихаттау;
- Тәрбие білім берудің жаңа бағдарламаларын, оқу жоспарларын, мемлекеттік білім беру стандартын, нормативтік құжаттар, әдістемелік нұсқауларды талдау, игеру, жұмыстарын ұйымдастыру;
- «Қазақстан -2050» стратегиясының маңызы мен мақсатын түсіндіру арқылы «Мәңгілік ел» - идеясының құндылықтарын насихаттау, түсініктер беру.
- Мұғалімдерге педагогикалық білімін өз бетінше көтеру жолдарын үйрету, өзара кәсіби бәсекелестік орнату;
- Тиімді оқыту әдістерін жетілдіру;
- Ағылшын тілін оқытуды дамыту;
- Оқыту мен тәрбиені ұйымдастырудың жаңа формаларын, әдістерін педагогикалық технологиялармен байыту;
- Мұғалімдердің оқушылар білімдерін бағалауда объективтік принципін ұстауға бағыттау;
- Жеке оқушымен жұмысты жетілдіру жолдарын қарастыру;
- Оқушыларға кәсіптік бағдар беру жұмыстарының деңгейін көтеру;
- Математика, физика, биология, география, пәндерінен оқушылардың үлгерім көрсеткіштерін көтеру, оқушылардың білім сапасын арттыру;
- Күнделік жүйесінің дұрыс жүргізілуіне семинар, оқулар ұйымдастыруды қолға алу;
- Мұғалімдердің зерттеушілік, шығармашылық жұмыстарға баулу, ынталандыру.
- Оқушыларды бейінді оқыту жағдайында бағдары кәсіби ағартушылық, кәсіби насихат және кеңес беру мақсатындағы мазмұнды іс-шараларды жүргізу;
- Оқушыларды даралап және саралап оқытуда жаңа оқыту әдістерімен жүргізетін жұмыстарды жандандыру;
- Элективті курстарды оқушы сұранысына сай мазмұнды жүргізу;
- Оқушылардың білім сапасын арттыру, олардың дарындылығын айқындап, біліміне ойлау қабілетіне ықпал ететін интеллектуалдық шараларды өз дәрежесінде ұйымдастыру;
- Сынып жетекшілерінің жеке оқушылармен, тәрбие деңгейі төмен оқушылармен жүргізілетін жұмыстарын ерекше бақылауға алу;
- Қолайсыз отбасыларды анықтай отырып, ата-аналар комитетімен бірлесе жұмыс жүргізу;
- Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында сыныптан тыс үйірмелер, спорттық секциялар жұмысына қатысуын жандандыру;
- Ата-аналармен мектеп арасында ынтымақтастықты нығайту;
- Оқушылар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған іс шараларды көбейту, сапасын арттыру;
- Сынып жетекшілерінің кәсіби біліктілігін арттырудағы жұмыстағы жетілдіру.

Мектептің циклограммасы

№	Апта атауы	I	II	III	IV
1	Дүйсенбі	Лездеме Сап түзу 5-11 сынып 1-4 сыныптардың	Әкімшілік бақылау жұмыстары (сынақтар алу)	Әдістемелік кеңес	Рухани- адамгершілік тәрбие беретін іс-шаралар

		күнделігін тексеру			
2	Сейсенбі	Жас мамандар бірлестігінің отырысы	Құқықтық тәрбие, әскери патриоттық тәрбие беретін іс-шаралар	Сынып жетекшілердің отырысы 8-11 сыныптардың күнделігін тексеру	Кабинеттерді бақылау
3	Сәрсенбі	Топқа бөлініп жұмыс жасайтын сыныптарды бақылау	Бірлестік отырысы	Әдістемелік күн (Ашық сабақтар) тақырыптық, апталық декада	Пәндік олимпиада нәтижелері
4	Бейсенбі	Бейіндік оқу, үйірме жұмыстары, 5- 11 сыныптар	Қолданбалы таңдау курс сабақтарын тексеру, кітапханамен жұмыс	Дәптерлердің жүргізілуін тексеру 5-7 сыныптардың күнделігін тексеру	
5	Жұма	Тестік сынақтар (11 сынып)	Ата-аналар жиналысы. Қыркүйек, қараша, қаңтар, сәуір, мамыр	Тазалық күндері. Әкімшілік отырысы.	Жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысы. Әр тоқсанда.

II бөлім.

Жалпыға бірдей білім беру заңының орындалуы

№	Негізгі жұмыс бағыттары мен іс-шаралар	Орындау мерзімі	Қаралады	Орындауға жауаптылар
1	ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ОҚУ- ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ НЕГІЗГІ	Жыл көлемінде	Лездеме	ДОДЖО А.Сарсенбаева

НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРІ 2021-2022 оқу жылында білім беру ұйымдары білім беру процесін ұйымдастыру кезінде «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын басшылыққа алуы және оқу-тәрбие процесін келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асыруы тиіс: «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) ҚР БҒМ (бұдан әрі ҚР БҒМ) 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығы (өзгерістермен және толықтырулармен 2020 жылғы 28 тамыздағы №372 бұйрық) https://adilet.zan/kz/kaz/docs/V1800017669; «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығы (өзгерістермен және толықтыруларымен 2020 жылғы 27 қарашадағы №496с бұйрық) https://adilet.zan/kz/kaz/docs/V1300008424; «Оқулықтардың, оқу әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және де басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық тасымалдау құралдары тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2021 жылғы 10 маусымдағы №286 бұйрығы); - «ҚР БҒМ кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР БҒМ 2019 жылғы 26 шілдедегі №334 бұйрығы; - «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы; - «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы; - «Арнайы білім беру ұйымдары түрлерінің қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2017 жылғы 14 ақпандағы №66 бұйрығы; - «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді жан басына нормативтік қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2017 жылғы 27 қарашадағы №596 бұйрығы (өзгерістермен			
---	--	--	--



2018 жылғы 21 қыркүйектегі №477 бұйрық); - «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай – ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығы (өзгерістер мен толықтыруларымен 2017 жылғы 29 желтоқсандағы №662 бұйрық) - «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығы; - «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығы; - «Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде білім беру ұйымдарында оқу процесін іске асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 13 тамыздағы №345 бұйрығы; - «Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2015 жылғы 20 наурыздағы №137 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы ҚР БҒМ 2020 жылғы 28 тамыздағы №374 бұйрығы; - «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және осы сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ міндетін атқарушының 2008 жылғы 16 мамырдағы №272 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы ҚР БҒМ 2020 жылғы 2 сәуірдегі №125 бұйрығы; - «Педагог лауазымдарының тізбесін бекіту			
--	--	--	--

	туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығы; - «Педагогтің жұмыс уақыты мен демалыс уақытының режимінің ерекшеліктерін айқындау қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 21 сәуірдегі №153 бұйрығы; - «Педагогтік қайта даярлау қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 17 наурыздағы №110 бұйрығы; - «Үздік педагог» атағын беру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2015 жылғы 16 қаңтардағы №12 бұйрығы (өзгерістерімен және толықтыруларымен ҚР БҒМ 2020 жылғы 23 сәуірдегі №157 бұйрығы); - «Үздік педагог» атағын иеленушіге сыйақы төлеу қағидаларын және оның мөлшерін бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2020 жылғы 14 сәуірдегі №204 қаулысы; - «Тәлімгерлікті ұйымдастыру қағидаларын және тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтерге қойылатын талаптарды бекіту туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 14 сәуірдегі №160 бұйрығы; - «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығы (өзгерістерімен және толықтыруларымен ҚР БҒМ 2020 жылғы 30 сәуірдегі №169 бұйрығы); - «Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» (өзгерістерімен және толықтыруларымен ҚР БҒМ 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 бұйрығы); - «Педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 11 мамырдағы №192 бұйрығы;				
2	«Білім беру оюъектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» Санитарлық қағидаларын бекіту туралы ҚР ДСМ 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы.	Тамыз	Лездеме	Мектеп медбикесі	
3	Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі 23.11.2015 ж. №414-V ҚРЗ		Лездеме	Кәсіподақ	
4	Жалпыға бірдей мміндетті оқу талаптарының орындалуын бақылау. 1.Аудан бойынша балалардың оқуға толық қамтылуы. 2. Оқушыларды ата-аналары оқулықпен қамтамасыз ету.		Лездеме	ДОҒЖО А.Сарсенбаева Психолог Мектеп медбикесі	

	3. Оқушыларды арнайы дәрігерлік тексерістен өтуін қамту.			
5	Жеке сыныптар бойынша оқушылар санын анықтау		Лездеме	ДОДЖО А.Сарсенбаева, сынып жетекшілер
6	Балаларды біліммен жаппай қамту мақсатында мектептің шағын ауданы бойынша рейдтік іс-шаралар өткізу.		Лездеме	
7	Білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толтыру. - 2-11 сыныптарда пәндер бойынша білім деңгейі (кіріс бақылау) - Пәндер бойынша дәптер тексеру	Қыркүйек	ДЖК	ДОДЖО А.Сарсенбаева ӘБ жетекшілері
8	1.Жас мамандардың сабақ беру әдіс – тәсілдерін бақылау әдістемелік көмек беру. 2.Үлгерімі төмен оқушыларға қосымша көмекті ұйымдастыру		ДЖК	ДОДЖО А.Сарсенбаева
9	Кадрлармен жұмыс 1. Мұғалімдердің жеке құжаттарымен жұмыс. 2. Жас мамандармен жұмыс ұйымдастыру.		ӘК	Іс жүргізуші
